

8D07202 «Тау – кен ісі » білім беру бағдарламасы бойынша
Танекеева Гаухар Джошинаның
«Тазарту тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағында дайындық
қазбаларын бекіту параметрлерін зерттеу және негіздеу» тақырыбына
жазылған философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
диссертациялық жұмысқа
ПІКІР

Қарағанды өнірінде дайын Тау-кен қазбаларын бекіту кезіндегі негізгі проблемалардың бірі күрделі геологиялық және технологиялық факторлар жағдайында олардың орнықтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Автордың диссертациялық жұмысы қазіргі тау-кен өндірісінде маңызды болып табылатын жанасқан дайындық қазбаларының тиімді бекіту параметрлерін зерттеу және осы негізде жаңа технологиялық шешімдер ұсынуға бағытталған. Жұмыстың өзектілігі айқын, себебі Қарағанды көмір бассейніндегі қазба жұмыстары кезінде тау-кен қысымы мен геологиялық ерекшеліктердің әсерінен қазбалардың беріктігін арттыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері өзекті болып табылады. Әсіресе, жанасқан қазбалардағы тау-кен қысымының, кернеу мен деформацияның өзгеруі шахтаның жұмыс істеуіне айтарлықтай әсер етеді, сондықтан осы мәселелерді зерттеу мен шешу өндірістік қауіпсіздік пен тиімділік үшін өте маңызды.

Диссертациялық жұмыстың маңаты жанасқан дайындық қазбаларының нығайту параметрлерін негіздеу үшін және технологияны жетілдіру кезінде тау-кен техникалық пайдалану талаптарына байланысты қоршаушы таужыныстар сілемдерін тұрақты ұстауды қамтамасыз ету үшін олар орналасқан орнықтандырылмаған аймақтардың кернеулі-деформациялы күйінің өзгеруі заңдылықтарын зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыста автор тазарту тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағында дайындық қазбаларын бекітудің онтайлы параметрлерін негіздеу бойынша көптеген практикалық және теориялық зерттеулер жүргізді.

Автор жұмысында Қарағанды көмір бассейніне тән тау-кен жұмыстарын жүргізу барысында пайда болатын тау-кен қысымының әсерін жан-жақты қарастырып, қазбаларды нығайту үшін жаңа технологиялық шешімдер ұсынған. Әсіресе, лава алдындағы тірек тау-кен қысымы аймағында бір және екінші деңгейлі қарнақтық бекітпелердің пайдалану тиімділігі қарастырылып, қазбаның тұрақтылығын арттыру үшін лава алдындағы тірек тау-кен қысымы аймағында бір және екінші деңгейлі қарнақтық бекітпелерге қысымды тарату арқылы жанасқан тау-кен қазбаларының төбесін тұрақты ұстауды бұрандалы болат полимерлі бірінші (көпір құраушы) деңгейлі және терең жатқан қарнақтармен өзара байланысқан бекіту жүйесі қамтамасыз ету арқылы көп деңгейлі бекіту жүйесін қолдану ұсынылған.

Г.Д. Танекееваның диссертациялық жұмысы жогары деңгейде орындалды, әр тарау толық сипатта, ал соңғысы алдыңғы тараудың логикалық жалғасы болып табылады. Жұмыстың мәтіндік және графикалық бөлігі

диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес жасалған. Диссертация материалдары аяқталған ғылыми-зерттеу және практикалық жұмыс болып табылады.

Ғылыми ережелер жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында дәлелденді, жаңашылдыққа ие және тазарту тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағында дайындық қазбаларын бекіту параметрлерін негіздеу мәселесін зерттеуге айтарлықтай үлес қосады. Докторлық диссертацияның нәтижелері технологиялық міндеттерді дұрыс қоюдан және оларды шешу үшін заманауи есептеу әдістерін қолданудың заңдылығынан; теориялық зерттеулер нәтижелерінің зертханалық және өндірістік бақылаулардың нақты деректерімен қанагаттанарлық ұқсастығынан турады.

Автордың жеке үлесі ретінде тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағында дайындық қазбаларының тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заңдылықтарды орнату болып табылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Г.Д. Танекееваның диссертациялық жұмысы өзекті, теориялық және практикалық құндылыққа ие аяқталған зерттеу болып табылады.

Диссертацияда келтірілген ғылыми қағидалар, нәтижелер мен қорытындылар жеткілікті дәрежеде негізделген және әдеби дереккөздердің кең талдау, ғылыми зерттеу мақсаттарын дұрыс анықтау, әзірленген ұсыныстарды практикалық қызметтерде пайдалану, сонымен қатар негізгі нәтижелерді ашық баспада жариялау арқылы растайды.

8D07202 «Тау – кен ісі » білім беру бағдарламасы бойынша жазылған философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

«Тазарту тау-кен жұмыстарының әсер ету аймағында дайындық қазбаларын бекіту параметрлерін зерттеу және негіздеу» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыс КР ҒЖБМ Ғым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарына және «Ғылым дәрежелер беру ережелеріне сәйкес келеді, ал оның авторы Танекеева Гаухар Джошина 8D07202 «Тау – кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

техника ғылымдарының
кандидаты,
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
«Пайдалы қазбалар
кенорындарын өндіру»
кафедрасының доценті



E.A. Абеев